

**№ 13 дәріс**  
**Қоғамдық-саяси**  
**дамудағы алға**  
**басулар.**

# Дәрістің жоспары

1. ҚР азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастырудың саяси институттарының дамыту мәселелері. ҚР саяси партиялары. «Нұр Отан» партиясы - жетекші әлеуметтік-саяси күш ретінде
2. Ұлтаралық татулық – ҚР тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың негізі ретінде. Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылуы мен оның саяси маңызы.
3. ҚР демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуындағы құқықтық саясаттың жүргізілуінің ерекшеліктері.
4. ҚР жастар саясаты және рухани жаңару бағыты

Мемлекет – бұл белгілі бір территорияда саяси билікті ұйымдастыратын және жүзеге асыратын, әкімшілік-басқару құрылымына, осы территорияда жалпыға бірдей заңдар қабылдап, күштеу монополиясына ие болатын қоғамның саяси жүйесінің басты элементі.

## Мемлекетің негізгі белгілері:

1. Шекаралары нақтыланған территориясы;
2. Азаматтыққа ие халқы мен этникалық құрылымы;
3. Осы территориядағы егеменділігі мен жоғарғы билігі;
4. Ашық түрде күш қолдану монополиясы;
5. Баршаға бірдей міндетті заң шығару монополиясы;
6. Экономикалық, саяси, рухани дамуға қолайлы жағдайлар тудыру;
7. Еңбек бөлінісі мен кәсіби басқарудың болуы;
8. Жеке меншіктің, таптардың, әлеуметтік теңсіздіктің болуы;
9. Халықтың санының өсуі, отырықшылыққа көшу;


# Мемлекеттің атқаратын қызметтері:

## 1. Сыртқы қызметтер:

- Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Жаһандық проблемаларды шешуге қатынасу;
- Өзге елдермен тиімді қатынасқа түсу;
- Халықаралық істерде мемлекет мүдделерін қорғау

## 2. Ішкі қызметтері:

- Қоғамның шаруашылық-экономикалық өмірін қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік қызмет;
- Мәдени-ағартушылық қызмет;
- Билік легитимділігін қамтамасыз ету;
- Конституциялық құрылымды қорғау;
- Тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету;
- Қоғамды топтастыру, әлеуметтік арбитраж;
- Экологиялық қызмет
- Салық жинау



Басқару формасы бойынша

## 2. Мемлекеттік-территориялық құрылымына қарай:

- Унитарлы – территориясы біртұтас, әкімшілік-территориялық бөліністері мемлекеттік егемендікке ие бола алмайтын құрылым;
- Федерация – территориясында орталық федералды органға бағынатын дербес автономиялық-мемлекеттік құрылымдары бар құрылым.
- Конфедерация – тәуелсіз мемлекеттердің саяси мақсатқа жету үшін құрылған уақытша одағы.



5. Саяси өмірдің тұрақтылығына қарай:

- Тұрақты;
- Тұрақсыз.

6. Саяси режиміне қарай:

- Тоталитарлы;
- Авторитарлы;
- Демократиялық;

7. Діни ерекшелігіне қарай:

- Зайырлы;
- Діни

- Құқықтық мемлекет деп - адам және азамат құқықтары толық сақталып, оларға түгелдей кепілдік берілетін мемлекетті айтамыз.

Негізгі белгілері:

- Құқықтардың азаматтарға да, мемлекетке де бірдей міндетті болуы;
- Өзгелердің құқықтары мен міндеттері индивидтің еркіндіктерін жалғыз ғана шектеуші сипатта болады;
- Адам құқықтарының мемлекет заңдарынан үстем болуы;
- Әркімнің өзінің өмірін жақсартуға жауапты болуы

- Билік тармақтарының нақты бөлінісі;
- Дамыған азаматтық қоғамның болуы;
- Мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- Мемлекеттің қызметінің адам және азамат құқықтарының кепілділігімен шектелуі, оларды қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;
- Халық – биліктің ең негізгі қайнар көзі,

Басты принцип:

**“ЗАҢМЕН ТЫЙЫМ САЛЫНБАҒАННЫҢ  
БӘРІНЕ РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ”.**

- Азаматтық қоғам деп құрамында мемлекеттен тәуелсіз құрылымдары болып, олар заң мен құқық шеңберінде әрекет ететін қоғамды айтамыз.
- мұнда адам құқықтары азаматтық қоғамды қамтамасыз етеді, ал адам құқықтарына мемлекет кепіл болады.

- **Саяси партия** - белгілі бір таптың немесе халықтың бір тобының мүддесін білдіретін және билікті қолға алу, ұстап тұру мен пайдалану арқылы жүзеге асыруды алдына мақсат етіп қоятын, белгілі бір идеология негізіндегі адамдардың ұйымдасқан тобы.

## Негізгі белгілері:

- Белгілі бір идеологиясы болады;
- Мүшелері мен платформасы, бағдарламасы болады;
- Мақсаты саяси билікті алып, жүзеге асыру;
- Ең басты қызметі – билік үшін күрес

**Партиялық жүйе** дегеніміз -  
қоғамдағы азаматтармен,  
мемлекетпен, өзара және басқа саяси  
институттармен әрекеттесуші әрі осы  
қоғамда қандай да бір деңгейде саяси-  
билік қатыстарына араласушы  
партиялардың жиынтығы

Түрлері:

- Бір партиялық;
- Қос партиялық;
- Көп партиялық

# Қазақстанның саяси партиялары

1. 1999 жылы Парламентте “Отан” партиясы болып құрылды;
2. 2006 жылы желтоқсанда “Отан” РСП-ның 10-съезінде партияның аты «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы” болып өзгертілді. Бұл партияның қатарына “Отан”, “Асар”, “Азаматтық” және “Аграрлық” партиялары бірікті.
3. Төрағасы: Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы.
4. Партия мүшелерінің саны шамамен 800 000 адамды құрайды.





# “Нұр Отан” партиясы

- Біздің миссиямыз – эволюциялық дамуды қамтамасыз ету және алға қойған мақсатына ұмтылатын, заң талабын сақтайтын әрі еңбекқор азамат өзіне де, қоғамға да пайда келтіре алатын демократиялық, өркендеген, бәсекеге қабілетті және әлеуметтік бағдарлы мемлекет құру.
- Біздің басты жетістігіміз – ел Тәуелсіздігі!
- Біздің идеямыз – Қазақстанды өркендету.
- Біздің саяси тұғырнамамыз – орталықшылдық.
- Біздің саяси идеалымыз – Елбасы.

# “Нұр Отан” партиясы

## 2. БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ:

- Адам;
- Бостандық;
- Заңның үстемдігі;
- Әділеттілік;
- Ынтымақшылдық;
- Болашаққа ұмтылыс;
- Отбасы және Дәстүр;
- Азаматтарға қызмет ететін мемлекет;
- Жауапты азаматтық қоғам;
- Азаматтары еркін әрі жауапты ұлт;
- Бірлік пен келісім;
- Төл мәдениет және руханилық;
- Қуатты экономика;
- Әділетті әлеуметтік саясат;
- Зияткер ұлт;
- Тиімді мемлекеттік басқару.



# Қазақстанның парламенттік саяси партиялары

- Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы;
- Партия төрағасы: Перуашев Азат Тұрлыбекұлы.
- Партия 2002 жылы 3 сәуірде тіркелген.
- ҚР Парламентінің фракциясы



# Қазақстанның парламенттік саяси партиялары

- Қазақстанның коммунистік Халықтық партиясы ;
- Бірінші хатшысы: Косарев Владислав Борисович.
- Тең төрағасы Жамбыл Ахметбеков
- Мемлекеттік тіркеуден 2004 жылы 21 маусымда өткен.
- Партия мүшелерінің саны қазір 81 000 адамға тең.



# Қазақстандағы ұлтаралық татулық

- Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған.
- Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны 800-ден асады, 28-і республикалық.
- 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады.
- Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі, бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді.


# Қазақстандағы ұлтаралық татулық

- 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі болып белгіленді;
- Мемлекеттің дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық - қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету.
- 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған **Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы** қабылданды.
- Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз.



# Қазақстан халқы Ассамблеясы

- 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылды.
- 2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды.
- Заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Ұлтаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.



# ҚР құқықтық саясат

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды**



Ұлттық құқықтық жүйенің негізі Конституциялық құқық болып табылады.



# Негізгі бөлімдері:

- Құқықтың әкімшілік саласын реттеу, Мемлекеттік органдарды бақылау мен қадағалау;
- Кеден заңнамасы;
- Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар саласындағы тиімді мемлекеттік саясат;
- Қазақстанның азаматтық құқығы;
- Қаржы заңнамасы;
- әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз ету мен қазіргі әлеуметтік саясатты іске асыру;
- Қылмыстық сот ісін жетілдіру;
- Құқық қорғау мен сот жүйелерін және құқық қорғау институттарын дамытудың негізгі бағыттары
- Қазақстанның сот жүйесі;
- Қазақстанның сот жүйесін жетілдіру;
- сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметті құқықтық қамтамасыз ету
- Құқықтық білім беру, құқықтық насихат


- **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы.** 2015 жылдың 9 ақпаны күні қабылданды.
- **Мақсаты:** жастардың толыққанды рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

# Негізгі ұғымдар

1. **Жастар** – Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі азаматтары;
2. **жас маман** – 29 жасқа толмаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және білім туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша үш жылдан аспайтын уақыт жұмыс істеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматы;
3. **Жас отбасы** – ерлі-зайыптылардың екеуі де 29 жасқа толмаған отбасы не баланы (балаларды) 29 жасқа толмаған ата-ананың біреуі тәрбиелейтін толық емес отбасы;
4. **жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым** – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жас азаматтардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік қызмет көрсету, дене бітімін, рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;

# "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен қабылданған



- Қазіргі жастардың өзекті проблемалары
  - Дәстүрлі құндылықтар жүйесіне жаһандандудың қысымы
  - Еңбек құндылықтарының доминантты емес дәрежесі
  - Патернализм және әлеуметтік инфантилизм
  - Тұтынушылыққа құштарлық
  - Жастар арасындағы радикализм қаупі
  - Жастар маргинализациясы

Жастардың әлеуметтену процесі, оларды қоғамдық-саяси өмірге жұмылдыру мынадай құндылықтарға негізделеді

- Патриотизм;
- Халық бірлігі;
- Тұрақтылық ;
- Мәдени саналуандық;
- Толеранттылық;
- Заңға мойынұсынушылық ;
- Білім
- Еңбекқорлық
- Инновациялылық, ғылым және инновация
- Отбасы
- Денсаулық және спорт
- Оң мұрат-мақсаттар
- Жаңа экологиялық этика

# Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді іске асыруды болжайды:

1. қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету;
2. салауатты өмір салтын қалыптастыру;
3. құқықтық мәдениетті арттыру және жастар бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрмет қалыптастыру;
4. жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау;
5. жастарға арналған қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;
6. Жастарды мәдени құндылықтарға тарту;
7. жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуын ынталандыру;
8. жастар ортасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету;
9. мемлекеттік жастар саясатын ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
10. жастарды "Қазақстан-2050" [стратегиясын](#) іске асыруға тарту.

# Мемлекеттік жастар саясаты аясындағы бағдарламалар:

1. «Дипломмен ауылға». Ауылдың әлеуметтік саласын жақсартуға жастарды тартып, жұмысқа орналастыру;



1. «Жасыл ел»;



# Мемлекеттік жастар саясаты аясындағы бағдарламалар:

1. «Жастар тәжірибесі» жобасы. Мақсаты: бастапқы еңбек, білім мен білік тәжірибесін алу, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен жұмысқа орналасуға қолдау;
2. «Болашақ» бағдарламасы.



Серпін 2050  
МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ





# Мемлекеттік жастар саясаты аясындағы бағдарламалар:

1. «Жастар кадрлық резерві».  
Конкурстық негіздегі  
кадрлық басқару  
резервін  
қалыптастыруға

